

**«Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Жуалы ауданының
білім бөлімінің «Қарасаз» бөбекжай- бақшасы» мемлекеттік
коммуналдық қазыналық кәсіпорны
Қамқоршылық кеңес отырысының №2-хаттамасы**

Қарасаз ауылы

«23» желтоқсан 2025 жыл

Қатысты: 9

Қатыспады: 1

Күн тәртібі

1. Мектепке дейінгі ұйым дамудың басым бағыттары бойынша ұсынымдар әзірлеу мақсатында Мектепке дейінгі ұйымның 2025- 2026 оқу жылына арналған Даму бағдарламасы және жылдық жұмыс жоспарымен танысу.
2. Балалармен бірге жаңа жылдық ертеңгіліктерді дайындау, ұйымдастыру және өткізу.
3. Тиімді тамақтануды ұйымдастыру үшін оңтайлы жағдайлар жасау.
4. Мектепке дейінгі ұйымның материалдық- техникалық базасын нығайтуға Қамқоршылық кеңес қаражатын пайдалану бағыттарын, нысандарын, мөлшері мен тәртібін айқындау.

Сөз алды: бөбекжай-бақша меңгерушісі М.Сембиева 2025- 2026 оқу жылына арналған Даму бағдарламасы мен жылдық жоспарының негізгі бағыттарымен таныстырды. Бұл даму жоспары «Қарасаз» бөбекжай- бақшасы» МКҚК 2025-2030 жылдар аралығындағы даму бағыттарын, мақсаттары мен міндеттерін, негізгі қызмет бағыттарын және материалдық- техникалық базаны нығайту мен сапалы білім беру ортасын қамтамасыз етуге бағытталған іс- шараларды қамтиды. Жоспардың басты мақсаты- мектепке дейінгі ұйымның қызметін тиімді ұйымдастыру арқылы балалардың жан- жақты дамуына жағдай жасау, педагогтардың кәсіби деңгейін арттыру және білім беру процесін заманауи талаптарға сай жетілдіру.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша әдіскер С. Тулибекова сөз алды. Тәрбиешілер және музыка жетекшісі жаңа жылдық ертеңгіліктердің мазмұны, сценарийлердің балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкестігі, безендіру жұмыстары, ата- аналардың қатысуы және балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету шаралары жөнінде мәлімет берді. Жаңа жылдық ертеңгіліктерді өткізу кестесі, мерекелік іс- шараларды ұйымдастыру тәртібі, демеушілік және ата- аналар тарапынан көрсетілетін қолдау мүмкіндіктері қаралды.

Тыңдалды: Бөбекжай- бақшадағы балалардың тиімді және теңгерімді тамақтануын ұйымдастыру үшін жасалып жатқан жағдайлар, бекітілген мәзір, азық- түлік сапасы және санитарлық- гигиеналық талаптардың сақталуы туралы ұйым басшысы мен медбике балалардың жас ерекшеліктеріне сай тамақтануды ұйымдастыру, тағам сапасын

бақылау, ас блогының жағдайы және ата- аналармен жүргізілетін түсіндіру жұмыстары айтылды.

Тындалды: ұйым басшысы бөбекжай- бақшаның материалдық- техникалық базасының қазіргі жағдайы туралы ақпарат берді. Атап айтқанда, оқу- тәрбие процесін сапалы ұйымдастыру үшін ойын және дамытушы құралдармен толықтыру, ас блогының және санитариялық тораптардың жағдайын жақсарту, сондай- ақ балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған құрал- жабдықтарды алу қажеттілігі айтылды. Сонымен қатар, қамқоршылық кеңес қаражатын пайдалану қолданыстағы заңнамаға сәйкес, ашықтық пен мақсаттылық қағидаларын сақтай отырып жүзеге асырылатыны туралы мәлімет берілді.

Қамқоршылық кеңес төрайымы кеңес мүшелері ұйымның материалдық- техникалық базасын нығайтудың маңыздылығын атап өтіп, қаражатты бірінші кезекте оқу- тәрбие процесіне тікелей әсер ететін бағыттарға жұмсау қажеттігін айтты. Кеңес мүшелері қаржы жұмсау барысында үнемділік, тиімділік және қауіпсіздік шараларын сақтау, сондай- ақ ата- аналар комитетін ақпараттандырудың маңыздылығын атап өтті.

Шешім:

1. Мектепке дейінгі ұйымның 2025- 2026 оқу жылына арналған Даму бағдарламасы мен жылдық жұмыс жоспары мақұлданып және іске асыруға ұсынылсын.
2. Балалармен бірге жаңа жылдық ертеңгіліктерді дайындау, ұйымдастыру және өткізу жөніндегі ақпарат назарға алынып, қауіпсіздік талаптарын сақтай отырып өткізу ұсынылсын.
3. Тиімді тамақтануды ұйымдастыру үшін оңтайлы жағдайлар жасау, балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес теңгерімді және қауіпсіз тамақтануды қамтамасыз ету, ас блогының санитариялық- гигиеналық жағдайын және тағам сапасын тұрақты бақылау қамтамасыз етілсін.
4. Бөбекжай- бақшаның материалдық- техникалық базасын нығайту үшін қамқоршылық кеңес қаражатын пайдалану бағыттары, нысандары, мөлшері мен тәртібі айқындалсын.

Қамқоршылық кеңес төрағасы:  Қ. Е. Абубакирович

Хатшы:  С. А. Алжановнаны